

**5-ші Халықаралық Қаржылық
Есептіліктің Стандарты (IFRS 5)
«Сатуға Арналған Ұзақ Мерзімді
Активтер және Тоқтатылған Қызмет»**



Орындаған: Сағынбай Е. С.
Тобы: 5В050800 – Есеп және
аудит
Тексерген: Китапова К.

Мақсаты



- Осы Стандарттың мақсаты сатуға арналған активтерді есепке алуды анықтау және тоқтатылған қызмет туралы ақпаратты ұсыну, әрі ашып көрсету болып табылады. Атап айтқанда, осы Стандарт:
- сатуға арналған ретінде жіктеу талаптарын қанағаттандыратын активтердің ең аз қаржылық жағдай есебі сомасымен және сату шығындарын шегергендегі әділ құнмен бағалануын және бұл активтерге амортизация есептеудің тоқтатылуын; және
- сатуға арналған ретінде жіктеу талаптарын қанағаттандыратын активтерді қаржылық жағдай туралы есептің өзінде бөлек ұсынуды және тоқтатылған қызмет нәтижелерін пайда және залал туралы есепте бөлек ұсынуды талап етеді.

ҚОЛДАНУ АЯСЫ



- Осы Стандартта көзделген деректерді жіктеуге және ұсынуға қойылатын талаптар барлық танылған ұзақ мерзімді активтерге және ұйымның шығаруға арналған топтарына қолданылады. Осы Стандартта көзделген бағалауға қойылатын талаптар 5-тармақта аталған, бұдан былай да көрсетілген Стандартқа сәйкес бағалануға тиісті активтерді қоспағанда, танылған барлық ұзақ мерзімді активтерге және ұйымның шығаруға арналған топтарына (4-тармақта көрсетілген) қолданылады.
- Осы Стандарттың бағалау бойынша ережелеріне жекелеген активтер ретінде, не шығаруға арналған топтың бір бөлігі ретінде болмай, аталған стандарттармен реттелетін мынадай активтерге қолданылмайды:
- Кейінге қалдырылған салықтық активтер (12 Пайдаға салынатын салықтар [ХКЕС \(IAS\)](#));
- Қызметкерлерге сыйақылар нәтижесінде пайда болған активтер (19 Қызметкерлерге берілетін сыйақылар [ХКЕС \(IAS\)](#));
- 9 Қаржы құралдары [ХКЕС \(IFRS\)](#) қолданылу аясына кіретін қаржы активтері;
- 40 Инвестициялық жылжымайтын мүлік [ХКЕС \(IAS\)](#) ұсынылған әділ құн бойынша есепке алу үлгісіне сәйкес есепке алынатын ұзақ мерзімді активтер;
- 41 Ауылшаруашылығы [ХКЕС-ына \(IAS\)](#) сәйкес сатуға жұмсалатын шығындар шегерілген әділ құн бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді активтер;
- 4 Сақтандыру келісімшарттары [ХКЕС \(IFRS\)](#) айқындалған сақтандыру шарттарына байланысты құқықтар

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕРДІ САТУҒА АРНАЛҒАН НЕМЕСЕ ИЕЛЕРГЕ ҮЛЕСТІРІЛУГЕ АРНАЛҒАН РЕТІНДЕ ЖІКТЕУ



- Егер ұзақ мерзімді активтің (немесе шығаруға арналған топтың) қаржылық жағдай есебі құнының оны пайдалануды жалғастыра беруінен емес, негізінен сату есебінен толтырылса, ұйым оны сатуға арналған ретінде жіктеуі тиіс.
- Ол үшін актив (немесе шығаруға арналған топ) қазіргі күйіндегі осындай активтер (немесе шығаруға арналған топтар) дереу сату үшін қолда бар және оны сатқанда қоса жүретін әдеттегі талаптармен болуы тиіс, және де сату ықтималдығы жоғары болуы тиіс.
- Айырбастаудың 16 Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар ХҚЕС-ына (IAS) сәйкес коммерциялық мәні болған жағдайда, ұзақ мерзімді активтерді басқа ұзақ мерзімді активтерге айырбастау сату операцияларына жатады.
- Ұйым ұзақ мерзімді активті (немесе шығаруға арналған топты) тек кейіннен шығару мақсатында сатып алғанда ғана ол ұзақ мерзімді активті (немесе шығаруға арналған топты) 8-тармақпен көзделген кезеңді бір жылмен шектеу бойынша талап орындалса ғана (9-тармақпен шешілген жағдайларды қоспағанда), сатып алу күні сатуға арналған ретінде жіктеуі тиіс, және де 7 және 8-тармақтардағы осы күнге қанағаттандырылмаған кез келген басқа талаптың сатып алғаннан кейін қысқа кезең ішінде (әдетте үш ай ішінде) қанағаттандырылуы әбден мүмкін.

САТУҒА АРНАЛҒАН РЕТІНДЕ ЖІКТЕЛГЕН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕРДІ (НЕМЕСЕ ШЫҒАРУҒА АРНАЛҒАН ТОПТАРДЫ) БАҒАЛАУ

- Ұйым сатуға арналған ретінде жіктелген ұзақ мерзімді активті (немесе шығаруға арналған топты) сату шығындарын шегере отырып, ең аз қаржылық жағдай есебі немесе әділ құны бойынша бағалауға тиіс.
- Ұйым иелерге таратуға арналған ретінде жіктелген ұзақ мерзімді активті (немесе шығаруға арналған топты) оның қаржылық жағдай есебі құнының және тарату шығындарын шегергендегі әділ құнының ең азымен бағалайды. Сату бір жыл өткен соң орын алады деп күтілсе, онда ұйым сату шығындарын келтірілген құн бойынша өлшеуге тиіс. Сату шығындарының келтірілген құнын уақыт ағынымен кез келген ұлғайту пайданың немесе залалдың құрамында қаржыландыру шығындары ретінде көрсетілуге тиіс.
- Активті (немесе шығаруға арналған топты) сатуға арналған ретінде тікелей бастапқы жіктеу алдында активтің (немесе топтағы барлық активтер мен міндеттемелердің) қаржылық жағдай есебі құны қолданылып жүрген ХҚЕС-ына (IFRS) сәйкес бағалануы тиіс.
- Шығаруға арналған топты бұдан әрі қайта бағалаған кезде осы Стандарттың бағалауға қоятын талаптарының қолданылу аясына кірмейтін, бірақ сатуға арналған ретінде жіктелген шығаруға арналған топқа кіретін кез келген активтің немесе міндеттеменің қаржылық жағдай есебі құны қолданылып жүрген ХҚЕС-қа (IFRS) сәйкес сату шығындарын шегергендегі шығаруға арналған топтың әділ құнын қайта бағаланғанға дейін бағалануға тиіс.

АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ АШЫП КӨРСЕТУ



- Ұйым қаржы есептілігінің пайдаланушыларына ұзақ мерзімді активтердің (шығаруға арналған топтардың) тоқтатылған қызметінен және шығарылуынан болған қаржы нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беретін ақпаратты ұсынуға және ашып көрсетуге тиіс.
- Ұйым компонентіне операциялық жағынан және қаржы есептілігінің мақсаттары үшін ұйымның басқа бөлігінен айқын оңашаланған болуы мүмкін ақша қаражатының қызметі мен ағындары кіреді. Басқаша айтқанда, ұйымкомпоненті ол пайдалануға арналып тұрған кезде ақша қаражатын құрайтын бірлік немесе бірліктер тобы болуға тиіс.
- Тоқтатылған қызмет ұйымның не шығарылып кеткен, не сатуға арналған ретінде жіктелетін компоненті болып табылады, және:
 - -жеке маңызды қызмет түрі немесе операциялар жүргізудің географиялық ауданы болып табылады;
 - - жеке маңызды қызмет түрінің үйлестірілген біртұтас шығару жоспарының бір бөлігі болып табылады;
 - - тек кейіннен сату мақсатында сатып алынған еншілес ұйым болып табылады

Ақпаратты қосымша ашып көрсету



- Ұйым ұзақ мерзімді актив (немесе шығаруға арналған топ) сатуға арналған ретінде жіктелген не сатылған кезең үшін ескертулерде мынадай ақпаратты:
 - - ұзақ мерзімді активтің (немесе шығаруға арналған топтың) сипатын;
 - - сату немесе болжанатын шығаруға әкелетін фактілер мен жағдайлардың сипатын және осы шығарудың күтілген тәсілі мен уақытын;
 - - 20-22-тармақтарға сәйкес танылған басқа да пайда немесе залалды, егер пайда және залал туралы есептің өзінде бұл жеке көрсетілмесе, онда осы пайда немесе залал кіретін пайда және залал туралы есептің бабын;
 - - егер қолданылса, онда ұзақ мерзімді актив (немесе шығаруға арналған топ) 8 Операциялық бөлімдер ХҚЕС-қа(IFRS) сәйкес ұсынылған сегментті ашып көрсетуге тиіс.
 - Егер 26 немесе 29-тармақ қолданылса, онда ұйым ұзақ мерзімді активті (немесе шығаруға арналған топты) сату жоспарына өзгерістер енгізу жөнінде шешім қабылданған кезеңде осы шешімге әкелген фактілер мен жағдайлардың сипатын және бұл шешімнің осы кезең және осының алдында көрсетілген кезеңдер қызметінің нәтижелеріне тигізетін әсерін ашып көрсетуі тиіс.

САТУДЫ АЯҚТАУ ҮШІН ҚАЖЕТ КЕЗЕҢДІ ҰЛҒАЙТУ

- Егер кешіктірілу себебі ұйым бақылай алмайтын оқиғалар мен жағдайлар болып табылса және ұйымның активті (немесе шығаруға арналған топты) сату бойынша жоспарды орындамақ екендігі жеткілікті расталса, **9-тармақта** көрсетілгендей, сатуды аяқтау үшін қажет кезеңді ұлғайту сатуға арналған ретіндегі активті (немесе шығаруға арналған топты) жіктеуге кедергі келтірмейді. Ендеше, 8-тарта келтірілген кезеңді бір жылмен шектеу туралы талаптан алып тастау мынадай оқиғалар немесе жағдайлар туындайтын мына төмендегі жағдайларға қолданылуы тиіс:
- ұйым ұзақ мерзімді активті (немесе шығаруға арналған топты) сату жоспарын орындауға міндеттенген күні, ол негізді түрде басқа тараптар (сатып алушы емес) активті (немесе шығаруға арналған топты) беру шарттарын белгілейді деп күтеді, бұл сатуды аяқтау үшін қажет кезеңді ұлғайтуға әкеледі, және:
- осы шарттарға жауап беру үшін қажет іс-әрекеттерді *қатаң сатып алу міндеттемесін* алғанға дейін бастауға болмайды; және
- қатаң сатып алу міндеттемесінің ықтималдығы бір жыл бойы жоғары;
- ұйым қатаң сатып алу міндеттемесін алады, нәтижесінде сатып алушы немесе басқа тарап ілгеріде сатуға арналған ретінде жіктелген активті (немесе шығаруға арналған топты) беруге күтпеген жерден шарт қояды, бұл сатуды аяқтауға қажет кезеңді ұлғайтады, және:
- бұл талаптарды орындауға қажет іс-әрекеттер уақытында қабылданды, және
- кешеуілдететін факторларды қолайлы шешу күтіледі;
- бастапқы бір жыл кезең ішінде ілгеріде мүмкін емес деп саналған жағдайлар туындады; нәтижесінде, ілгеріде сатуға арналған ретінде жіктелген актив (немесе шығаруға арналған топ) осы кезеңнің аяғына дейін сатылмады, және:
- бастапқы бір жыл кезең ішінде ұйым жағдайлардағы өзгерістерге жауап беру үшін қажет іс-әрекеттер жасайды; және
- жағдайлардағы өзгерістерді ескере отырып, активті (немесе шығаруға арналған топты) негізделген бағамен сату бойынша белсенді жұмыс жүргізіледі;
- **7** -және **8-тармақтардың** критерийлері қанағаттандырылады.

САТУДЫ АЯҚТАУ ҮШІН ҚАЖЕТ КЕЗЕҢДІ ҰЛҒАЙТУ

- Ликвидтілікті қоспағандағы жіктеу тұрғысынан ұзақ мерзімді активтересепті күннен соң он екі айдан көп уақыт өткеннен кейін өзіне қамтылған соманы алады деп болжамдайтын активтер түрі. 3 тармақ осындай актив жіктемесінде қолданылады.
- Бірақтан егер активтен немесе активтер тобынан ақша қаражаты ағымы ең бастысы одан ары қарай қолдануда емес, сатылым нәтижесінде пайда болады деп күтілсе, онда активтердің басқа да түрлерімен байланысты пайда болатын олардың ақша қаражатынан тәуелділігі азаяды, және іске асып тұрған бірліктің бөлігі болып келген шығатын топ өз бетімен іске асатын бірлік болады.
- Қарастырылап отырған активтер басқа қолданылатын ХҚЕС-на сәйкес бағалануд талап ететін 18 және 19 тармақтардан басқа.
- Қаржылық шығындар мен табыс салығының шығындарын алып тастағанда тарату шығындары тікелей таратуға тиіс үдемелі шығындарға жатқышылады.
- Егер ұзақ мерзімді актив ақша қаражатын құрайтын бірліктің бөлігі болса, оның өтелетін сомасы 36 ХҚЕС-на (IAS) сәйкес ақша қаражатын құрайтын бірліктен пайда болатын кез келген күнсызданудан болатын залалды орналастырудан кейін танылатын қаржылық жағдай есебі құны болып табылады.
- *Актив жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар* немесе сатуға арналған ретінде жіктелгенге дейін 16 ХҚЕС(IAS), 38ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес қайта бағаланған материалдық емес актив болған жағдайларды қоспағанда, және бұл жағдайда түзетулер қайта бағалаудың өсімі немесе төмендеуі ретінде қарастырылуы тиіс.